

Жыл сайын «Ветеринариялық санитария» кафедрасына әлемдік жетекші ЖОО-нан шет елдік ғалымдар арнайы шақыртылады. Мәселен, 02.11 – 21.11.2015 күндер аралығында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Варшава жаратылыстану ғылымдары университетінен ветеринария ғылымдарының докторы Ян Вишневский келіп кетті. Шет елдік ғалым «ҚР-ның жоғарғы оқу орындарына шет елдік ғалымдарды шақырту» бағдарламасының аясында тағам өнімдерінің қауіпсіздігі және ветеринарлық-санитарлық сараптау саласында шет елдік тәжірбие алмасу негізінде дәрістер оқыды

5В120200 – «Ветеринарлық санитария» мамандығында оқитын студенттерге зертханалық-тәжірбиелік және «Мал шаруашылығы өнімдерін ветеринарлық санитарлық сараптау», «Құс, өсімдік, балық және ара өнімдерін ветеринарлық санитарлық сараптау» пәндерінен дәрістік сабақтар жүргізді.



Зертханалық-тәжірбиелік сабақтарды жүргізу

Зертханалық-тәжірбиелік және дәрістік сабақтардан басқа «Ветеринариялық санитария» кафедрасының профессорлар мен оқытушылар құрамымен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізді.

Ян Вишневский «Қазақстан» концерт залында жыл сайынғы өткізілетін «Студенттер қатарына қосылу» атты салтанатты іс-шараға қатысты.

Астана қаласының ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханаларында кездесулер ұйымдастырылды. Өндірістік жағдайда «Астана ауыл шаруашылығы өнімдері зертханасы» ЖШС мамандарымен мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық бағасы мен қауіпсіздігі мәселелері бойынша пікір алысу өткізілді.



«Евразия» СО ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасының мамандарымен кездесу

Ян Вишневский шет елдік танымал ғалым ретінде в.ғ.д., профессор Б.С Майқановпен бірлесе Р. Мустафинаның докторлық диссертациясына жетекшілік етуде. Бүгінгі таңда ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша шет елдік журналда мақала шығарылды. Ғылыми жобаларды іске асыру, ғылыми мақалаларды басып шығару және Варшава университетінде тәжірбие алмасу үшін кафедра оқытушыларымен келісімдер жасалды.